

"Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Павлодар облысы әкімдігінің 2022 жылғы 12 мамырдағы № 156 қаулысы

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процессуалдық кодексі 40-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 27-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 124-бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңы 65-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Мемлекеттік органдардың және олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" № 590 қаулысына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Павлодар облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылсын.

3. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулыны шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жіберуді;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды; осы қаулыдан туындайтын өзге қажетті шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары О.П. Крукқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Ә. Сқақов

Павлодар облысы әкімдігінің
2022 жылғы "29" сәуірдегі
№ 115/1 қаулысына
1-қосымша

"Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Павлодар облысының аумағында сәулет және қала құрылысы қызметі саласында қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, қазақ және орыс тілдерінде өз атауы бар Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесімен мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140000, Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы көшесі, 5Б.

10. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі: дүйсенбі-жұма сағат 9-00-ден сағат 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13-00-ден сағат 14-30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі-жексенбі.

11. Мемлекеттік органның толық атауы:

мемлекеттік тілде: "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде: государственное учреждение "Управление архитектуры и градостроительства Павлодарской области".

12. Мемлекет Павлодар облысының әкімдігі атынан "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы болып табылады.

13. Осы Ереже "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

14. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

15. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгеше белгіленбесе, алынған кірістер мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің міндеттері мен өкілеттіктері

16. Міндеттері:

1) Павлодар облысында сәулет және қала құрылысы қызметін дамытудың облыстық саясатын әзірлеу, сәулет және қала құрылысы қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік-құқықтық актілердің орындалуына мониторинг жүргізуді және талдауды қамтамасыз ету;

2) сәулет және қала құрылысы қызметі саласындағы басымдықтарды әзірлеу.

17. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

осы Ережеде белгіленген өз құзыреті шегінде барлық инстанциялардағы соттарда, мемлекеттік органдарда, мекемелерде, кәсіпорындар мен өзге де ұйымдарда облыс әкімдігі, әкімінің мүдделерін білдіру;

облыс әкімдігі мен әкімінің қарауына дамудың негізгі бағыттары, сәулет және қала құрылысы мәселелерімен байланысты мәселелерді жедел шешу жөнінде ұсыныстар енгізу;

"Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің алдына қойылған міндеттерді орындауға байланысты мәселелер жөніндегі

ақпаратты белгіленген тәртіпте мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың, ұйымдардың және азаматтардың келісімі бойынша сұрату және алу;

жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын басқа да атқарушы органдардың мамандарын олардың басшыларының келісімі бойынша жұмысқа тарту;

мемлекеттік органдармен, мекемелермен, ұйымдармен және кәсіпорындармен сәулет және қала құрылысы мәселелері жөнінде өзара іс-қимыл жасау;

"Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің, облыс әкімінің, әкімдігінің мүдделерін мемлекеттік органдарда, ұйымдарда, сотта білдіру;

өз құзыреті шегінде шарттар, келісімдер жасау.

2) міндеттері:

облыс әкімінің, әкімдігінің, "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүдделерін барлық құзыретті мемлекеттік, әкімшілік органдарда, мекемелерде, ұйымдарда, сондай-ақ сот және құқық қорғау органдарында білдіру;

өз құзыреті шегінде шарттар, келісімдер жасау;

"Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

18. Функциялары:

1) аумақтарда қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасын (облыстың аудандық жоспарлау жобасын немесе оның бөлігін), сондай-ақ облыс аумағындағы елді мекендердің белгіленген тәртіпте бекітілген бас жоспарларын іске асырудағы қызметті үйлестіру;

2) сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

3) жүз мыңнан астам тұрғын санымен есептеуден облыстық маңызы бар қаланың бас жоспарының жобасын кейіннен Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсыну үшін облыстық мәслихаттың қарауына енгізу;

4) сондай-ақ облыстық мәслихат мақұлдаған, халқының есептік саны жүз мың тұрғыннан асатын облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарларын әзірлеуді ұйымдастыру және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсыну;

5) ведомстволық бағынысты әкімшілік-аумақтық бірлік аумақтарында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын (аудандық жоспарлау жобаларын), сондай-ақ қалалық мәслихат мақұлдаған, халқының есептік саны жүз мың тұрғынға дейінгі облыстық маңызы бар қалаларды дамытудың бас жоспарларының жобаларын облыстық мәслихаттың бекітуіне ұсыну;

б) абаттандыру қағидаларын облыстық мәслихаттың бекітуіне ұсыну;

7) облыстың елді мекендерінің шекаралары шегінде Қазақстан Республикасының орман қорына кірмейтін жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау ережелерін облыстық мәслихаттың бекітуіне ұсыну;

8) республикалық маңызы бар қалалардың оларды облыс аумақтары, резервтік аумақтар, қала маңындағы аймақ, сондай-ақ заң арқылы қала ықпал ететін аймаққа жатқызылған өзге де аумақтар есебінен дамыту бөлігіндегі бас жоспарларының жобаларына келісім беру;

9) облыстық маңызы бар қалалар бас жоспарларының жобаларына келісім беру;

10) аумақта жоспарланып отырған құрылыс салу не өзге де қала құрылысының өзгерістері туралы халықты ақпараттандыру;

11) елді мекендердің бекітілген бас жоспарларын (қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын, жоспарлау жобаларын) дамыту үшін әзірленетін қала құрылысы жоспарларын (егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын, құрылыс жобаларын) бекіту және іске асыру;

12) жергілікті атқарушы органдардың қарастыруы үшін ұсыныстар дайындау, сондай-ақ аумаққа құрылыс салу, кеңейту, техникалық қайта жарақтау, жаңғырту, реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау, қайта профильдеу), құрылыстарды, ғимараттарды, имараттарды, инженерлік және көлік коммуникацияларын қалпына келтіру және күрделі жөндеу, сондай-ақ аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру және көгалдандыру, құрылысы аяқталмаған объектілерді консервациялау, облыстық маңызы бар объектілерді кейіннен кәдеге жарату бойынша жұмыстар кешенін жүргізу туралы шешімдер қабылдау;

13) Павлодар облысында сәулет және қала құрылысы ұйымдары қызметінің жағдайына талдау жүргізу, оның белсенділігін арттыруға жәрдемдесу;

14) "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттерді іске асыру үшін мемлекеттік органдармен, лауазымды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асыру;

15) облыс аумағында сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау мемлекеттік органдарының жұмысына жәрдемдесу;

16) мемлекеттік қала құрылысы кадастрының дерекқорына енгізу үшін белгіленген тәртіпте ақпарат және (немесе) мәліметтер беру;

17) халқының есептік саны бір жүз мың тұрғынға дейінгі облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарларының жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізуді ұйымдастыру;

18) салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіпте жүргізу;

19) облыстың қалалары мен аудандары әкімдіктерінің "Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйесін жүргізу және толықтыру бойынша үйлестіру;

20) құзыреті шегінде нормативтік құқықтық және құқықтық актілер әзірлеу;

21) Павлодар облысы әкімдігі мен әкімінің тапсырмаларын, актілерін орындау және орындауды ұйымдастыру;

22) "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметінің жоспарларын әзірлеу;

23) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қоғамдастықпен байланыс орнату және тұрақты дамыту;

24) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

3-тарау. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

19. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

20. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес облыс әкімі қызметке тағайындайды және қызметінен босатады.

21. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады, оның қызметіне басшылық етеді;

2) "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің функциялары мен өкілеттіктерін белгілейді;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметінен босатады;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін көтермелейді, материалдық көмек көрсетеді, тәртіптік шара қолданады;

5) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің барлық қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

6) "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерін, оның қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

7) меншік нысанына қарамастан барлық мемлекеттік органдарда және басқа ұйымдарда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің атынан өкілдік етеді;

8) "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымын әзірлеуді қамтамасыз етеді;

9) "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі жұмысының перспективті және ағымдағы жоспарларын бекітеді;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етеді және дербес жауап береді.

"Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

22. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі мен коммуналдық мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның) арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

23. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі мен тиісті саладағы уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның) арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

24. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің әкімшілігі мен оның еңбек ұжымының арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен және ұжымдық шартпен реттеледі.

4-тарау. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі

25. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің заңнамамен көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі бар.

"Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ меншік қызмет нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

26. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.

27. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату

28. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

29. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі таратылған кезде, кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлік облыстық коммуналдық меншікте қалады.

Павлодар облысы әкімдігінің
2022 жылғы "29" сәуірдегі
№ 115/1 қаулысына
2-қосымша

Павлодар облысы әкімдігінің күшін жоюға жататын қаулыларының тізбесі

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2018 жылғы 16 ақпандағы "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" № 52/1 қаулысы.

2. Павлодар облысы әкімдігінің 2019 жылғы 16 шілдедегі "Павлодар облысы әкімдігінің 2018 жылғы 16 ақпандағы "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" № 52/1 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" № 214/2 қаулысы.

3. Павлодар облысы әкімдігінің 2021 жылғы 25 наурыздағы "Павлодар облысы әкімдігінің 2018 жылғы 16 ақпандағы "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" № 52/1 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" № 85/3 қаулысы.